

**01.04.2024 - 30.04.2025 аралығындағы кезеңде
сәйкестік сараптамасы бойынша есеп**

1. Компания туралы ақпарат

Компанияның атауы: «Үлбі металлургиялық зауыты» акционерлік қоғамы («ҮМЗ» АҚ).

«Үлбі металлургиялық зауыты» акционерлік қоғамы жоғары сапалы уран, бериллий, тантал және ниобий өнімдерін ұсынады.

«ҮМЗ» АҚ-да бірегей инженерлік шешімдерді жүзеге асыруға арналған ресурстар мен өндірістік қуаттар бар. Зауыттың атом, авиация, зымыран және ғарыш өнеркәсібінде, сондай-ақ электроника, медицина, аспапқұрастыру, ғылым және басқа да көптеген жетекші салаларда қолданылатын әлемдік деңгейдегі жоғары технологиялық өнімдерді өндіру және жеткізу бойынша зауыттың 75 жылдан астам тәжірибесі бар.

«ҮМЗ» АҚ тантал өндірісі – құрамында тантал-ниобий бар шикізатты қайта өңдеуден бастап дайын өнім шығарғанға дейінгі толық өндірістік циклі бар әлемдегі ең ірі кәсіпорындардың бірі. «ҮМЗ» АҚ тантал өндірісін белгіленген сапа параметрлерімен өнім өндіруді қамтамасыз ететін тантал және ниобий шикізатының кез келген түрлерін қайта өңдеудің икемді технологиясы ерекшелендіреді.

Компанияның CID-нөмірі: CID001969.

«ҮМЗ» АҚ-да өңделетін 3TG-материалдар: тантал.

Танталды өңдеу келесі мекенжай бойынша жүзеге асырылады: Қазақстан Республикасы, 070005, Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 102.

Осы есеп 2024 жылғы 01 сәуірден бастап 2025 жылғы 30 сәуір аралығындағы кезеңді қамтиды.

2. RMAP аудиті бойынша қысқаша қорытындылар

Есепті кезең ішінде «ҮМЗ» АҚ-да RMAP соңғы аудитті жүргізу күні: 2024 жылғы 25-28 маусым аралығында.

Алдыңғы аудит кезеңі: 2023 жылғы 1 мамырдан бастап 2024 жылғы 12 мамыр аралығында.

Аудиторлық компанияның атауы: Arche Advisors Inc.

Бағалау туралы RMI соңғы есебіне сілтеме:

<https://www.ulba.kz/ru/conflict-free>.

«ҮМЗ» АҚ 2013 жылғы 26 сәуірден бастап iTSCi бағдарламасының толық құқықты мүшесі болып табылады, ол CAHRA өңірлерінде минералдарды жеткізу тізбектерін құру және ашықтығын қолдау үшін сәйкестік сараптама жүйесі аясында жұмысты жүзеге асырады, үкіметтермен және азаматтық қоғаммен өзара іс-қимыл

жасау, мәліметтермен қамтамасыз ету және тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша жергілікті жердегі сарапшы топтардың жұмысы арқылы кешенді тексеру ісінде қатысушы компанияларды қолдайды.

«ҮМЗ» АҚ жеткізілім тізбегінде анықталған тәуекелдерді жұмсарту мақсатында RMI тарапынан танылмаған бағдарлама – «iTSCi» өндіруші компанияларға қойылатын нормативтік талаптардың сақталуын қамтамасыз ету жүйесіне мүшелігін сақтайды. Бұл ретте «ҮМЗ» АҚ кеңейтілген кешенді тексеру жүргізу үшін қақтығыспен ұштасқан өңірлерде және тәуекелі жоғары өңірлерде минералды тантал шикізатын өндіру және/немесе тасымалдау орындарын бағалауды жүргізудің өзіндік әдістемесін (СТ 32.0010-23) қолданысқа енгізді. Бұл әдістеме келесі нормативтік құжаттардың нормалары мен принциптерін ескере отырып әзірленген:

- ISO 19011 менеджмент жүйесінің аудиті бойынша басшылық нұсқаулар;
- Минералдардың жауапты жеткізілуін бағалау процесі. Қалайы мен танталға арналған Стандарт. (RMAP стандарты), жауапты минералды өндіру бастамасымен (RMI) 01.06.2018 ж. бекітілген;
- ЭЫДҰ-ның жанжалдан зардап шеккен аудандардан және тәуекелі жоғары аудандардан минералдарды жеткізудің жауапты тізбектерінің сәйкестігін сараптау жөніндегі нұсқаулық (3-үшінші басылым) (бұдан әрі – мәтін бойынша – ЭЫДҰ нұсқаулығы).

3. Кәсіпорындағы менеджмент жүйесі

«ҮМЗ» АҚ әлемнің жанжалды аймақтарынан заңсыз тантал шикізатын алуды болдырмайтын тантал жеткізу тізбегін құру және қолдау қажеттілігін түсінеді. Сонымен, 2012 жылдан бастап Компанияда минералды жеткізудің жауапты тізбегіне қатысты «ҮМЗ» АҚ басшылығының саясаты (бұдан әрі – Саясат) қолданылады. Аталған нормативтік құжат онда өзгертін шарттарды көрсету үшін қажеттілігіне қарай мерзімді бағалауға, қайта қарауға және жаңартуға жатады. Өзекті Саясат Компания Басқармасымен 2023 жылғы 18 мамырда бекітілді. Саясат Минералды жауапты жеткізілімді бағалау процесінің жаңартылған қалайы мен танталға арналған стандарттың (RMAP) талаптарына сәйкес келеді.

Саясатқа сілтеме:

ағылшын тілінде: <https://www.ulba.kz/en/conflict-free>

қазақ тілінде: <https://www.ulba.kz/kz/conflict-free>

орыс тілінде: <https://www.ulba.kz/ru/conflict-free>

Кәсіпорында сәйкестік сараптамасын басқару жүйесі (бұдан әрі - ССБЖ) жұмыс істейді. ССБЖ негізінде тәуекелге бағдарланған тәсіл жатыр.

Есепті кезеңде ССБЖ-тың жұмыс істеуіне, қолданыстық күйінде болуына, нәтижелілігіне жауапты басшылықтың өкілі (бұдан әрі – «ҮМЗ» АҚ басшылығының өкілі) «ҮМЗ» АҚ бизнесті қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директоры болып табылады.

«ҮМЗ» АҚ ССБЖ ұдайы жетілдіруге өз үлесін қосуда. 2024 жылғы сәйкестік сараптамасын басқару жүйесінің жұмыс істеуін қарау және жүргізілген талдау нәтижелері бойынша: жүйе өзекті және келесі кезеңге жарамды (2025 жылғы 31 наурыздағы № 32-08-02/1774 есеп).

Компания ССБЖ-ке қатысты барлық құжаттама мен жазбаларды кемінде 5 (бес) жыл бойы сақтауды талап етеді.

4. Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау

«ҮМЗ» АҚ жеткізу жүйесіндегі тәуекелдерді сәйкестендіру бойынша жақсы жолға қойылған процесс жүргізілуде.

Компания келесі көздерді қолдана отырып, CAHRA сәйкестендіру рәсімін жаңартты:

CAHRA сәйкестендіру процедурасы келесі көздерді қамтиды:

- Халықаралық қақтығыстарды зерттеу бойынша Гейдельберг институтының қақтығыстар барометрі (Heidelberg Conflict Barometer);
- Мемлекеттің дәрменсіздік рейтингі (Fragile State Index);
- Додд-Фрэнк Заңы (Dodd-Frank Act);
- CAHRA мемлекеттерін анықтаудың Еуропалық Одақ әдістемесі
- Мемлекеттік басқарудың жалпы әлемдік көрсеткіштері: Үкімет жұмысының тиімділік индикаторы.

Компания CAHRA-ны сәйкестендіру мақсатында жоғарыда аталған көздер бойынша критерийлер мен шектік көрсеткіштерді анықтады.

Компания жоғарыда аталған барлық құралдарды қолдана отырып, әлем елдеріне жанжалдар мен қауіпті аймақтарға (CAHRA) тиесілілігіне жоспарлы бағалау жүргізді. Бағалау нәтижесі 2024 жылғы 31 желтоқсанда «ҮМЗ»АҚ басшылығының өкілімен бекітілген, әлем елдерінің тізбесі және оларды CAHRA-ға жатқызу болып табылады. Кәсіпорынның ішкі рәсіміне сәйкес CAHRA-ны талдау және анықтау RMAP жүргізілген аудит нәтижелері бойынша «ҮМЗ» АҚ басшылығы өкілінің қалауы бойынша және басқа да бірқатар жағдайларда, бірақ соңғы талдау жасалған күннен бастап жылына кемінде бір рет жүзеге асырылады.

2018 жылдан бастап кәсіпорында «Өз контрагентіңді біл» (KYC) жүйесі енгізілді, ол өнім берушінің заңды мәртебесі, оның бенефициарлары, орналасқан жері және ықтимал тәуекелдері туралы ақпаратты алуға және талдауға мүмкіндік береді.

Сәйкестік сараптамасын жүргізу аясында 2021 жылдан бастап EITI минералды тантал шикізатын жеткізушілердің ынтымақтастығына мониторинг және есепке алу жүргізіледі.

Есептік кезең ішінде CAHRA өңірлерінен бастапқы тантал шикізатын алу кезінде «ҮМЗ» АҚ өндіруші компанияларға қойылатын нормативтік талаптарды сақтауды қамтамасыз ету жүйесі ретінде iTSCi халықаралық салалық бағдарламасын қолданды.

Тәуекел деңгейі жоғары әрбір транзакция үшін iTSCi ұйымы келесі құжаттарды ұсынады:

- Қолжетімділігіне қарай оқиғалар туралы қысқаша есеп.
- Әлеуетті тәуекелдері бар өндіру орындарының тізімін қоса алғанда, кен орнына бару жөніндегі ұсынымдар (осы көздерден сатып алу кезінде күшейтілген бақылау жүргізу ұсынылады).
- Жергілікті орындарда жалпы ақпарат ұсынатын елдер мен аймақтар бойынша ай сайынғы есептер.
- Қорытынды жиынтық деректер және өзге де есептер.

Сондай-ақ, «ҮМЗ» АҚ КДР минералдарын жеткізу үшін БҰҰ-ның Конго Демократиялық Республикасы бойынша сарапшылар тобының жыл сайынғы есептерінен алынған ақпаратты пайдаланады.

Есепті кезеңде күшейтілген сәйкестік сараптамасының бөлігі ретінде тантал шикізатын өндіру және/немесе тасымалдау орындарына келесідей көшпелі аудиттер жүргізілді:

- 2024 жылғы 8-12 сәуір аралығында «Соликамск магний зауыты» ААҚ және «Ловозерск тау-кен байыту комбинаты» ЖШҚ-де тәуелсіз аудитордың қатысуымен жүргізілді. Жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша 2024 жылдың 29 сәуірінде аудитормен табылған кемшіліктер туралы есеп ұсынылды. Түзету әрекеттерінің жоспары жасалды. Барлық анықталған кемшіліктер тәуекелдің төмен деңгейіне жатады. Бұдан әрі, 2024 жылғы 14 маусым мен 2024 жылғы 5 шілде аралығында «ҮМЗ» АҚ-мен тиісті хаттамалар ресімделе отырып, аудиттелетін объект ұсынған құжаттар мен мәліметтер қарастырылды. Тәуекелдерді басқару жоспары жасалды және өнім берушімен іскерлік қатынастарды жалғастыру туралы шешім қабылданды.

- 2025 жылғы 26-31 наурыз аралығында «Соликамск магний зауыты» ААҚ және «Ловозерск тау-кен байыту комбинаты» ЖШҚ-де «ҮМЗ» АҚ аудиторлық командасының қатысуымен жүргізілді. Жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша анықталған кемшіліктер тәуекелдің төмен деңгейіне жатады. Аудиттелетін объектімен осы есепті жасаудың соңғы күніне анықталған сәйкессіздіктерді жою бойынша жұмыс жүргізіледі.

Төмендегілерге байланысты, есепті кезеңде күшейтілген сәйкестік сараптамасының бөлігі ретінде минералды тантал шикізатын өндіру және/немесе тасымалдау орындарына көшпелі аудиттер жүргізілмеді:

- Конго Демократиялық Республикасынан (Солтүстік Киву) «ҮМЗ» АҚ-ға жеткізілген танталит, өндіру аймағында қақтығыс шиеленіскенге дейін жеткізілімге келісімшарт жасалғанға дейін бір жылдан астам уақыт бұрын өндірілген және аталған шыққан елден экспортталған. Осыған байланысты RMI техникалық қолдауынан кері байланыс алу нәтижелері бойынша «ҮМЗ» АҚ аудиторлық тобымен iTSCi бағдарламасының қолдауымен СТ 32.0010-23 талаптарына сәйкес алынған минералды тантал шикізатын өндіру және/немесе тасымалдау орындарының сәйкестігіне қашықтықтан бағалау жүргізілді.

5. Тәуекелдерді басқару

«ҮМЗ» АҚ RMAP бағдарламасының қатысушысы ретінде өзінің жеткізу тізбектерінің сәйкестігі сараптамасын іске асыруға жауапты.

«ҮМЗ» АҚ-да RMAP стандартының талаптарына сәйкес тантал шикізатын жеткізу тізбегінің тәуекелдерін басқару тәртібін белгілейтін «RMAP тәуекелдерін басқару» рәсімі қолданылады.

Осы рәсімге сәйкес тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралардың нәтижелілігіне бағалау жүргізілді. Есепті кезеңнің соңында жыл сайынғы қайта қарау нәтижелері бойынша 2024 жылғы 10 маусымда бекітілген RMAP тәуекелдерді басқару жоспары қолданылады.

«ҮМЗ» АҚ-дағы қолданыстағы И 32.003-22 «Тантал шикізатының өнім берушісін таңдау тәртібі» рәсіміне сәйкес тантал шикізатын жеткізуге/толлингтік өңдеуге келісімшарт жасасу алдында «KYC» сауалнамасынан алынған ақпарат талданады. Сәйкессіздіктер және/немесе қайшылықтар анықталған жағдайда хаттама жасалады, ол анықталған сәйкессіздіктерді және/немесе қайшылықтарды жою үшін әлеуетті өнім берушіге жіберіледі. Егер сәйкессіздіктер және / немесе қайшылықтар жойылмаса, хаттама шешім қабылдау үшін «ҮМЗ» АҚ басшылығы

өкілінің атына жіберіледі. Жүргізілген талдау негізінде «ҮМЗ» АҚ жеткізу тәуекелінің деңгейін (жоғары немесе төмен) анықтайды және жеткізу тізбегінің картасын жасайды. «ҮМЗ» АҚ жеткізу тізбегінің толтырылған картасы негізінде тәуекелдерді бағалауды жүргізеді және «ҮМЗ» АҚ басшылығының өкілі өнім берушімен одан әрі ынтымақтастық туралы шешім қабылдайды.

«ҮМЗ» АҚ тантал шикізатын жеткізуге/толлингтік өңдеуге өнім берушімен келісімшарт жасасқаннан кейін тәуекел деңгейі жоғары жеткізу тізбектері үшін жеткізудің нақты мән-жайларының картасын жасайды, ол өндіруші компанияларға (iTSCi) қойылатын нормативтік талаптарды сақтауды қамтамасыз ету жүйесінен алынған оқиғалар туралы мәліметтерді қамтиды. Қаралып отырған оқиғалар жеткізу тізбегінің қатысушыларына (компанияларға), сондай-ақ минералдарды өндіру өңірлеріне де қатысты. Жеткізудің нақты мән-жайларының толтырылған картасы негізінде «ҮМЗ» АҚ тәуекелдерді бағалауды жүргізеді және «ҮМЗ» АҚ басшылығының өкілі жеткізушімен одан әрі ынтымақтастық туралы шешім қабылдайды.

Тәуекелдерді төмендету жөніндегі таңдалған стратегияға сәйкес «ҮМЗ» АҚ тәуекелдерді төмендету мүмкін емес немесе қолайсыз болып көрінген жағдайларда өнім берушімен қарым-қатынасты тоқтатады.

Тәуекелдерді жою үшін (тәуекел деңгейі жоғары жеткізу тізбегінде) «ҮМЗ» АҚ тәуекелдерді жеңілдету процесі туралы толық ақпарат алу мақсатында тікелей жеткізушілермен (контрагенттермен) және iTSCi бағдарламасымен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейді. Мұндай жағдайда Компания:

- Материалдың тікелей көзін, соның ішінде өндіруші мен экспорттаушының атын анықтауға;
- Анықталған тәуекелдің жойылғанын және/немесе келесі есепті кезеңде қайта пайда болғанын анықтауға;
- Тәуекелді басқару әдістемесін, оның ішінде тәуекелді жеңілдету жөніндегі қызметті нақты кім жүзеге асыратыны туралы ақпаратты анықтауға.
- Жеткізілімдердің тиісті тізбектері үшін тәуекелдерді басқару жөніндегі қызметке қатысты жаңартуларды үнемі сұратып отыруға ұмтылады.

РМІ тарапынан «iTSCi» бағдарламасын тану мәртебесінің болмауына байланысты «ҮМЗ» АҚ төмендегілерді жүзеге асыра отырып, бірақ олармен шектелмей, өзінің сәйкестік сараптамасын күшейтеді:

- Жергілікті жерде жеткізу тізбегінің қатысушылары туралы «KYC» жүйесі бойынша мәліметтерді жинау және талдау.
- Кем дегенде келесі құжаттаманы қамтитын қосымша мәліметтерді жинау және талдау:
 - көлік жүкқұжаттарының (коносаменттерінің) көшірмелері, оның ішінде концентраттың өндірілген кен орнынан сатушыға дейінгі орнын көрсететін көлік жүкқұжаттары;
 - мемлекеттік орган берген тантал концентратының жеткізілетін партиясына шығу тегі сертификатының көшірмесі;
 - мемлекеттік орган берген Сатушының экспорттық лицензиясының көшірмесі;
 - жеткізілетін тантал концентраты өндірілген кен орындарына бару туралы есептердің көшірмелері;

- өндіруге/концессияға лицензияның көшірмесі;
- Шикізат саудасы / экспорты процесіне қатысатын Сатушының серіктесі (серіктестері) толтырған «КҮС» сауалнамасының көшірмесі;
- қақтығыспен ұштасқан аудандардан және тәуекелі жоғары аудандардан минералдарды жеткізудің жауапты тізбектері үшін сәйкестікті сараптау жөніндегі ЭЫДҰ Нұсқаулығының 2-қосымшасына сәйкес тәуекелдерді бағалауды, басқаруды және жұмсартуды регламенттейтін саясаттың немесе осыған ұқсас құжаттың көшірмесі;
- ел ішінде Шикізатты тасымалдау журналдарының көшірмелерін, тасымалдаушы атауының мазмұны бар келісімшарттың көшірмесін, шикізаттың қоймаға түскені туралы құжаттардың көшірмелерін, тағайындалған көлік агентінің лицензиясы мен инвойсының көшірмелерін қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, жауапкершілікті ауыстыру тізбегіне қатысты құжаттар.

Есепті кезеңде «ҮМЗ» АҚ жеткізу тізбегіне байланысты оқиғалар жоғары деңгейдегі тәуекелдерге жатқызылды, өйткені тантал шикізаты САНРА-дан шыққан немесе САНРА арқылы тасымалданған. Барлық анықталған тәуекелдер бойынша «ҮМЗ» АҚ өнім берушілермен сауданы/ынтымақтастықты жалғастыру туралы шешім қабылдады.

Сатып алынатын партияда қақтығысты/заңсыз минералдар тантал концентраты анықталған жағдайда «ҮМЗ» АҚ концентраттың осы партиясын сатып алудан бас тартады не концентрат партиясы сатып алынған болса, оны өнім берушінің мекенжайына FCA шартында қайтарады. Есепті кезеңде осы себеп бойынша өнім берушілерге тантал концентратының партияларын қайтару жағдайлары болған жоқ. Есепті кезеңде «ҮМЗ» АҚ-ға келіп түскен тантал шикізатымен байланысты ашық оқиғалар жоқ.

6. Тұтынушылармен байланыс

ЭЫДҰ Нұсқаулығына сәйкес, есепті кезең ішінде «ҮМЗ» АҚ өзінің тантал өнімдерін тұтынушыларының сұрауы бойынша Conflict Minerals Reporting Template (CMRT) үлгісін пайдалана отырып, өзінің жеткізу тізбегіне қатысты ақпарат берді.